6D051700 Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуші
Айнұр Қанатқызы Боранбаеваның «Қазақстанның аграрлық секторындағы технологиялар трансфері процесін басқару» тақырыбындағы докторлық диссертациясына берілген шетелдік ғылыми жетекшінің

**ПІКІРІ**

Боранбаева Айнұр Қазақ Ұлттық Университетінің болашақ PhD докторанты ретінде, 2019 жылдың сәуір айынан шілде айына дейін, Португалияның Минью университетінде "Қазақстанның аграрлық секторындағы технологиялар трансфері процесін басқару" атты диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жұмыс жүргізуге шақырылды. Осы ғылыми сапар барысында зерттеу құралдарымен танысып, зерттеу дағдыларын жетілдіре отырып, нәтижелері ауыл шаруашылық секторындағы технологияларды трансферлеу және осы процесті басқару туралы теориялық баяндама ретінде жазылып, нәтижесі халықаралық ғылыми конференция материалында жарияланды. Содан бері ол диссертацияның зерттеу міндеттерін орындауда едәуір алға жылжыды, диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелерін Q2 академиялық журналында жариялады және қазіргі уақытта диссертациялық жұмысы қорғауға дайын.

Диссертация жалпы үш тараудан тұрады. Бірінші тарауда диссертация тақырыбы бойынша әдебиеттерге жан-жақты талдау жасалынған. Содан кейін, зерттеу нысанын қарастыра отырып, "технологиялар трансферін басқару" түсінігі түсіндіріліп және тұжырымдамалық және тәжірибелік жұмыстарға негіз болатын мәселелер талқыланды.

Екінші тарауда Қазақстанның аграрлық секторындағы технологиялар трансфері қарастырылды және осы процесті басқару моделі ұсынылды. Содан кейін аралас тәсілді қолдана отырып, яғни сандық және сапалық зерттеу әдістері негізінде, статистикалық талдау үшін қайталама деректерді жинап, SWOT талдау үшін сарапшылар тобымен сұхбат деректерін және SmartPLS көмегімен құрылымдық теңдеулерді модельдеу үшін сауалнама деректері қолданылды.

Зерттеудің практикалық құндылығын көрсететін үшінші тарауда Қазақстанның аграрлық секторына технологияларды трансферлеу процесін жетілдіру жолдары ретінде стратегиялық мақсаттар жиынтығы мен өзара іс-қимыл жасайтын тараптар арасындағы ынтымақтастық күшейту үшін "төрт спираль" жүйесі арқылы жетілдіру жолдары ұсынылды.

Зерттеу нәтижелері өзекті және технологияларды аграрлық секторға трансферлеу жөнінде шешімдер қабылдау үшін практикалық маңызы бар. Атап айтқанда, қазіргі кездегі әлсіз институционалды жағдай Қазақстанның аграрлық секторына технологияларды трансферлеу процесін қиындатуда, осы мәселелерді шешуде диссертациялық зерттеу нәтижесі Қазақстанның аграрлық секторына технологияны трансферлеу процесі кезінде ескерілу керек маңызды факторларды анықтап тиімді басқару стратегиясын әзірледі.

Сондықтан мен Боранбаева Айнұр Қанатқызын көпшілік алдында PhD дәрежесін қорғауға лайықты деп санаймын.

Ізгі ниетпен,

(қолы)

Ғылыми кеңесші
Руи Динис Соуза, профессор, PhD докторы
Ұйымдар мен қоғамды трансформациялауға арналған ақпараттық жүйелер мен технологиялар зертханасы,
ALGORITMI зерттеу орталығы,
Миньо Университеті, Португалия

rds@dsi.uminho-pt

University of Minho
School of Engineering
Department of Information Systems

# Review of Ainur Boranbayeva's Ph.D. Dissertation

16th February 2022

Ainur Boranbayeva, as a Ph.D. candidate at the Kazakh National University, has been a visiting scholar at the University of Minho, Portugal, from April to July 2019, while working on the dissertation under the theme "The management of the process of transferring technology in the agricultural sector of Kazakhstan." During this visit, while getting familiar with research tools and improving her research skills, she did a theoretical coverage of technology transfer in the agricultural sector and the management of that process, having the result been published in a conference. Since then, she has made considerable progress in fulfilling the research objectives of the dissertation, has already published essential findings in a Q2 academic journal, and is now ready to defend her dissertation.

The thesis consists of three chapters. The first chapter contains a comprehensive assessment of the literature on the thesis topic. Then, examining the object of the study, this chapter clarifies what we should understand by "management of technology transfer" and discusses the issues that will provide the background for the conceptual and field works.

The second chapter addresses the technology transfer in the agricultural sector of Kazakhstan and proposes a management model for that process. Then, adopting a mix-methods approach, the research makes use of quantitative and qualitative research methods, collecting secondary data for statistical analysis, data from interviews with a panel of experts for SWOT analysis, and survey data for structural equation modeling using SmartPLS.

The third chapter, highlighting the practical value of the research, discusses the technology transfer process to the agricultural sector of Kazakhstan and proposes ways to improve it through a set of strategic goals and a quadruple helix system for cooperation among intervening parties.

The contributions from the research are relevant and practical to make decisions on the transfer of technology to the agriculture sector. In particular, the study reveals important factors to develop an effective strategy to transfer technology in cases like Kazakhstan, where weak institutional conditions make the process more difficult and complex.

University of Minho
School of Engineering
Department of Information Systems

Therefore, I recommend awarding the PhD degree to Ainur Boranbayeva.

Sincerely,

Rui Dinis Sousa

*Prof. Dr. Rui Dinis Sousa, PhD*

Information Systems and Technologies for
Transformation of Organizations and Society Lab
ALGORITMI Research Center, University of Minho, Portugal

rds@dsi.uminho.pt

Перевод документа с английского на казахский язык выполнен переводчиком города Алматы, Республики Казахстан Мукановой Розой Ахметовной, двадцать третье февраля, две тысячи двадцать второго года.

Подпись: Муканова Роза Ахметовна

Республика Казахстан, город Алматы.

Двадцать третье февраля две тысячи двадцать второго года

Я, Бержанова Зоя Баймантаевна, нотариус города Алматы, действующий на основании лицензии № 0000230, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан 30.09.1998 года, свидетельствую подлинность подписи, совершенной переводчиком Мукановой Розы Ахметовны. Личность подписавшей документ установлена, дееспособность, и полномочия ее проверены.

*Зарегистрировано в реестре за номером:* 163
*Взыскано за услуги: 1623 тенге*
*Нотариус:*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
1998 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі берген №0000230 лицензия
Лицензия №0000230 выдана 30 сентября 1998 года Министерством юстиции Республики Казахстан
Жеке нотариус * Частный нотариус
Бержанова Зоя Баймантаевна

Пронумеровано и прошнуровано на 4 стр.
НОТАРИУС

ET690165022022310244514413884

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия